«Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжатттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің "Жетісу облысының халық шығармашылығы орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының хаттамасы

Талдықорған қаласы **24 ақпан 2026 жыл**

Төрағалық еткен: Директор Ж.Қаратас
Қатысқандар: Директордың орынбасары - Л.Есимова, көркемдік жетекші – А.Нұрмыхамбетов, бас есепші А.Қиялбекова, комплаенс Е.Даулетбаев, бөлім меңгерушісі Н.Болатбекова, Е.Калиаскаров, хатшы заңгер-кеңесші Р.Санатұлы, хатшы С.Оразгалиева.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Талдықорған қаласында 2026 жылғы 6 наурыз күні өтетін 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты мәдени шараның дайындық жұмыстары және іс-шараны өткізу туралы:

ТЫҢДАЛДЫ: Кәсіпорын директоры - Ж.Қаратас:

Бүгінгі күнге дейін 2026 жылғы 6 наурыз күні өтетін 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты мәдени шараның барлық жұмыстарды уақтылы орындап, атқарып, бір жүйеге келтіріп қойдық. Іс-шараның эскизі, бағдарламасы дайындалды, мәдени шара ағымдағы жылдың 6 наурыз күні өтеді.

Мемлекеттік сатып алу порталына берілетін соммасы **33 млн 140 мың** теңге. Уақыттың тығыздығына байланысты шараны өткізудің жолдарын қарастырсақ, қандай ұсыныстарыңыз бар? Дегенмен де, ҚР Заңнамаларына сәйкес жұмыс жүргізетін болады.

Директордың орынбасары Л.Есимованың сөзі:

Жетісу облысы әкімінің әйел қауымын 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен құттықтауына арналған салтанатты мәдени іс-шарасын ұйымдастыру «Жетісу облысының халық шығармашылығы орталығы» МКҚК-на жүктелген. Қазіргі уақытта 500 ге жуық адам санына гүлдер, сертификаттар, фуршет ұйымдастыру қажет. Шараның маңыздылығын ескере отырып, жоғарғы деңгейде өткізу үшін, барлық тапсырма уақытылы орындалуы керек. Қазақстан Республикасының Заңнамаларына қайшы келмесе құптаймын, қарсы емеспін.

Көркемдік жетекші А.Нұрмыхаметовтың сөзі:

8 наурыз Халықаралық әйелдер күні іс-шарасының эскизі, бағдарламасы, сценарий дайындық үстінде, шараны өткізу үшін Мемлекеттік сатып алу порталына сәйкес бір көзден келісім шарт жасағанға қарсы емеспін.

Бас есепші А.Киялбекованың сөзі:

- Қазіргі уақытта Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының тапсырмасы бойынша жалпы сомасы 33 млн 140 мың теңге және мемлекеттік қызметшілерге арналған салтанатты іс-шараға 2 млн қаражат бөлінді. Барлық шығын мәселесі жұмыс үстінде, Шараның дизайннің эскизін әзірлеу, баннер каркасымен 8 дана, өтетін орынның қасбетіне 4 х 6 каркасымен 2 баннер, 4 х 8 каркасымен баннер дайындау, түрлі-түсті жарық пушкасымен және түтін машинасымен, толық айналмалы прожекторлар, сахналық фермалар, LAYHER сахналық құрылыс жүйесін, электрлі сахна лебедкаларын, шараға арналған тақырыпқа сай әр концерттік номерге контет әзірлеу және 600 дана гүл шоқтарын, сертификаттар тарату, 500 адамға фуршет (көшпелі), кейтеринг ұйымдастыру. Баспа өнімдерін дайындауымен қамтамасыз ету қажет. Себет, гүл шоғы, өтетін орынның фойесіне тірі гүлдер композициямен безендіру жұмыстары қажет (фитодизайн және жаңа гүлдер композициясынан гирлянды) тапсырыс беру жұмыс үстінде, ҚР Заңының "Мемлекеттік сатып алу туралы" 16-бабының, 3-тармағының, 32-тармақшасына сәйкес бір көзден келісім шарт жасағанға қарсы емеспін.

Бөлім меңгерушісі Н.Болатбекованың сөзі:

8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты мәдени шараға
А5 форматында шақыру билеттерін жасау – 500 (үш жүз) дана;
А4 форматындағы 50 (елу) дана алғыс хаттар;
А4 форматындағы диплом 50 (елу) дана болуы қажет;
А4 форматындағы ақ түсті 140 (жүз қырық) дана рамка болуы қажет;
Құрмет грамотасы 100 (жүз) дана А4 форматында, сырт түс қағазын жалпы ұсынылған логотип бағытымен жасалуы қажет;
Сертификат - 550 дана;
Кейтеринг-фуршет - 500 адамға;
Жүргізушілердің папкасына А4 форматында 2 дана сырт түс қағазын жалпы ұсынылған логотип бағытымен дайындау қажет.
Жоғарғыда айтылған әріптестердің баяндамасын тыңдай отырып, қазіргі ең дұрыс шешім ҚР Заңының "Мемлекеттік сатып алу туралы" порталына бір көзден келісім шарт жасағанға қарсы емеспін, қолдаймын.

Бөлім меңгеруші Е.Калиаскаровтың сөзі:

8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты мәдени шараға баннер каркасымен 5 дана, өтетін орынның қасбетіне 4 х 6 каркасымен 2 баннер, 4 х 8 каркасымен 2 баннер, фойеге өлшемі 19 х 3 каркасы бар банер дайындау, түрлі-түсті жарық пушкасымен және түтін машинасымен, толық айналмалы прожекторлар, лэд экранға контенттер, сахналық фермалар, электрлі сахна лебедкаларын, шараға арналған тақырыпқа сай әр концерттік номерге контет әзірлеу Мемлекеттік сатып алу порталына сәйкес бір көзден келісім шарт жасағанға қарсы емеспін.

Заңгер-кеңесші Р.Санатұлыны сөзі:

Жоғарғыда айтылған әріптестердің баяндамасын тыңдай отырып, шараға Мемлекеттік сатып алу порталына берілетін соммасы 18 млн 140 теңге, арнайы 500 әйелге 30 000 теңге сыйлық сертификаттарға 15 млн бөлінді. 8 Наурыз халықаралық әйелдер күнін өткізу бойынша қызметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу порталына ашық конкурс арқылы жариялау 4000 мрп-дан аспауы керек, соған орай Бірыңғай Ұйымдастырушы арқылы шараны өткізуге уақыттың тығыз болғанына және де жоғарыда Кәсіпорынның комиссиялары атап өткен себептеріне байланысты Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының 16-бабының, тармағы, 32-тармақшасына сәйкес бір көзден келісім шарт жасағанға қарсы емеспін.

Комплаенс Е.Дәулетбаевтың сөзі:

Жоғарыда айтылған мәселелер бойынша мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес келетіндігін растаймын, сондай-ақ Жетісу облысының Ішкі мемлекеттік аудит департаментімен келісілуін ұсынамын.

ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАН ҰСЫНЫСТАРДЫ ЕСКЕРЕ КЕЛЕ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Жетісу облысы әкімінің әйел қауымын 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен құттықтауына арналған салтанатты мәдени шарасын ҚР Заңының "Мемлекеттік сатып алу туралы" 16-бабының, 3-тармағының, 32-тармақшасына сәйкес бір көзден келісім шарт жасап, өткізу бір ауыздан мақұлдансын.
2. Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы «Мәдениет туралы» Заңының 8- бабына, 2024 жылғы 1 шілдесіндегі №106-VIII. Заңының "мемлекеттік сатып алу туралы" 16-бабы 3-тармағының 32-тармақшасына сәйкес, бір көзден, бекітілген смета бойынша шарт жасауға бұйрық шығарылсын және кадр бөлімінің маманы **С.Оразгалиеваға** жүктелсін.
3. Шешімнен туындаған қаражат мәселелері **А.Киялбековаға**, мемлекеттік сатып алу мен қызметтерді жүргізу **Р.Санатұлына** жүктелсін.

Директор **Ж.Қаратас**

Директордың орынбасары **Л.Есимова**

Бас есепші **Б.Киялбекова**

Көркемдік жетекші	**А.Нұрмыхаметов**
Бөлім меңгерушісі	**Н.Болатбекова**
Бөлім меңгеруші	**Е.Калиаскаров**
Комплеанс	**Е.Даулетбаев**
Заңгер-кеңесші	**Р.Санатұлы**
Хатшы	**С.Оразгалиева**